# Зымыран сұрақтар



**Жоғары қарап оқ атпа,**
**Жуық түсер қасыңа.**
**Жаманға сырыңды қосып сөз айтпа,**
**Күндердің күні болғанда**
**Сол жаман айғақ болар басыңа.**



**Авторы кім?**

**Қазтуған жыраудың қандай жырларын білесіңдер? Атап шығыңдар.**



Жыраулар поэзиясы қай
кезеңнен басталады?
Оның басты өкілдері кімдер?



**“Көшпенділер философы” деген сөз кім туралы айтылған?**
**Бұл сөзді кім айтты?**



**Айналайын Ақ Жайық**
**Ат салмай өтер күн қайда,**
**Еңсесі биік боз орда**
**Еңкеймей кірер күн қайда? – деп**
**арманын айтқан қай жырау?**

Есім ханның “қолына сүйесін”,
“қолтығына демесін”
болған кім?



**Балпаң, балпаң кім баспас,**
**Басарға балтып шыдамас,**
**Батырмын деп кім айтпас,**
**Барарға жүрек шыдамас.**

**Кімнің жыры?**



Жыраулар поэзиясынан қандай ой аңғарылады? Ерекшелігі қандай?



# XVIII ғасырдағы тарихи жағдай қандай болды?

# Бұқардың өмірі мен жыраулық өнерінен сыр шерттіру



# Хронологиялық кесте

| Жылдары | Болған оқиғалар |
| --- | --- |
| | Жоңғар қалмақтары қазақ жеріне шабуыл жасады |
| | Бұланты өзенінің бойында болған шайқаста қалмақтар жеңіледі |
| | Балқаш көлінің оңтүстігінде қайтадан айқас болады, бұл айқаста қазақтар жеңеді |
| | Қалмақтар қазақтарға шабуыл жасайды |
| | Тұтқындарын босатып, әр түрлі дипломатиялық қарым – қатынаста болады |
| | Жоңғар қалмақтарына шабуыл жасайды |
| | Қазақтар соңғы рет қалмақтарға  қатты соққы беріп, жерлерін қайтарып алады |

*1723 жылы* *1729 жылы* *1726 жылы* *1755 жылы* *1741 жылы* *1749 жылы*

*1723 – 1741 жылдары*

# Хронологиялық кесте

| Жылдары | Болған оқиғалар |
|---|---|
| 1723 жылы | Жоңғар қалмақтары қазақ жеріне шабуыл жасады |
| 1726 жылы | Бұланты өзенінің бойында болған шайқаста қалмақтар жеңіледі |
| 1729 жылы | Балқаш көлінің оңтүстігінде қайтадан айқас болады, бұл айқаста қазақтар жеңеді |
| 1741 жылы | Қалмақтар қазақтарға шабуыл жасайды |
| 1749 жылы | Тұтқындарын босатып, әр түрлі дипломатиялық қарым – қатынаста болады |
| 1755 жылы | Жоңғар қалмақтарына шабуыл жасайды |
| 1723 – 1741 жылдары | Қазақтар соңғы рет қалмақтарға  қатты соққы беріп, жерлерін қайтарып алады |

# Абылай

## Өмір сүрген жылдары
1711-1781 жж

## Билік құрған жылдары
1771-1781 жж

Қолбасшы, саяси дипломат, реформатор, халық мәдениетінің жанашыры

### Ішкі саясаты-

1. Бір орталықтан басқаратын мемлекет құрды.
2. Сот билігін күшейте түсті.
3. Қазақ рулары мен тайпаларының арасындағы қақтығыстар мен барымта алуды тоқтатты.

### Сыртқы саясаты-

Ресей, Қытай, Орта Азия елдерімен экономикалық және сауда байланысы.

Қазақ жеріне ешкім қол суға алмайтын тұтастығын қамтамасыз етуге бағыттады.

# Мұхтар Әуезов

“Қазақтың дербес ел болуына, әрі-беріден соң қазақтың қазақ болуына, басы қосылып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруына ерен еңбек сіңірген Абылайдан артық адам болмас”.





***Бұқар Қалқаманұлының***

Абылай есімімен байланысты өлеңдерінен де ел бірлігін көздеген ойымен қатар, ханға айтқан ақылын, ханның ел басқарудағы жақсы істері мен кемшіліктерін жырлағанын көреміз.

# Қаңтардың жиырма алтысы

## Ел бірлігі - Бұқар толғауларының басты тақырыбы "Тілек" өлеңі

[illegible]



**Бұқар толғауларын үлкен 4 топқа бөлуімізге болады**

- **Өмір жайлы толғаулары**
- **Адам өмірінің кезеңдері жайлы**
- **Ел бірлігі жайлы**
- **Абылай Ханға арнаған толғаулары жайлы**

# Бұқар жыраудың “Тілек” толғауындағы он бір тілегінің мағынасын ашу

# Жыраудың толғауындағы асты сызылған сөздердің мағынасын ашу

1. Бірінші тілек тілеңіз,

   бір Аллаға жазбасқа...

2. ... Екінші тілек тілеңіз,

   Ер, шұғыл, пасық, залымның,

   Тіліне еріп азбасқа.

3. Үшінші тілек тілеңіз,

   Үшкілсіз көйлек кимеске...

# Бұқар толғауларының өзектілігі неде?

Топтастырып жазу


Бұқар толғаулары ның өзектілігі неде?

# Бұқар жырау туралы не білдім?



Бұқар жырау қай жылдары өмір сүрген?

Әкесі кім болған?

Қай жерде туып өскен?

Қандай өлеңдері бар?

Жыраудың өлеңдерін жинап, қағаз бетіне түсірген кім?

# Үйге тапсырма

1. “Тілек” өлеңін жаттау.
2. “Бұқар – ел бірлігі туралы жырлаған жырау” тақырыбында шығарма жазу.

